

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы
2015-2017 жылдарға арналған ұжымдық шартқа
№02 қосымша келісім**

Астана қаласы

«17» 09 2015 жыл

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы атынан «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Президенті және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы еңбек ұжымының атынан «Қазақстандық салалық теміржолшылар автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі төмендегідей қосымша келісім жасасты.

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған ұжымдық шартқа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспеде:

«Қазақстандық салалық теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі» сөздері «Қазақстандық салалық теміржолшылар, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» сөздерімен алмастырылсын;

2) 8 тармақта:

10) тармақшасының алтыншы абзацтың «Басшылардың штаттық орынбасарларына уақытша жұмыста болмаған басшылардың міндеттерін атқарғаны үшін қосымша ақы төлеуді жүргізбеуге» сөйлемі алынып тасталсын;

34) тармақшасында «(толық жұмыс аптасы режимін)» сөздерінен кейін «зейнетақы есептеу үшін табысы 39 (отыз тоғыз) айлық есептік көрсеткіштен кем болған жағдайда» сөздерімен толықтырылсын;»;

3) 10 тармақтың 3) тармақшасының төртінші абзацы келесі редакциядағы абзацқа ауыстырылсын:

«Қызметкерлер дене мен қолдың кірлеуіне байланысты жұмыспен айналысқанда бір айға 500 граммнан кем емес сабын беру нормасы бекітілсін»;

4) 11 тармақ келесі мазмұндағы 40 тармақшамен толықтырылсын:

«40) Жұмыс беруші мен Кәсіподақ аралығындағы жеке шартқа байланысты, мәдени-бұқаралық және дене шанықтыру – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру үшін Кәсіподақтың есебіне ақшалай қаражат аударылсын.»;

5) 12 тармақ келесі мазмұндағы 14 тармақшамен толықтырылсын:

«14) Жұмыс беруші мен Кәсіподақ аралығындағы жеке шарттың талаптарына сәйкес, мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруды сапалы және мерзімді өткізуді қамтамасыз етуге.» міндеттенеді.

2. Осы Қосымша келісім 2 данада жасалды және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған ұжымдық шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылады.

**«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Президенті**



A. Мамин
А. Мамин

**«Қазақстандық салалық
теміржол, автомобиль, әуе және су
көлігі қызметкерлерінің кәсіби
одағы» қоғамдық бірлестігінің
Төрағасы**



О. Ахметбаев
О. Ахметбаев